

"Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 7681-KZ Қарыз туралы келісімге (Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: Батыс Еуропа - Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі (ОАӨӘЫ 1b және 6b) № 2 түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы келісім-хатты ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 713 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 7681-KZ Қарыз туралы келісімге (Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: Батыс Еуропа - Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі (ОАӨӘЫ 1b және 6b)) № 2 түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы келісім-хатты ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сагынтаев

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 7681-KZ Қарыз туралы келісімге (Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: Батыс Еуропа - Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі (ОАӨӘЫ 1b және 6b)) № 2 түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы келісім-хатты ратификациялау туралы

2017 жылғы 26 қыркүйекте Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 7681-KZ Қарыз туралы келісімге (Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: Батыс Еуропа - Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі (ОАОӘЫ 1b және 6b)) № 2 түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы келісім-хат ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қаржы министрі

Сұлтанов Бақыт мырзаға

Қаржы министрлігі

Астана

Қазақстан

Қазақстан Республикасы

"Оңтүстік-Батыс" автомобиль жолдарын дамыту жобасы:

"Батыс Еуропа - Батыс Қытай" халықаралық транзит дәлізі

(OAӘӘI 1b және 6b)

Қарыз № 7681-KZ

Қарыз туралы келісімге № 2 түзетуге қатысты

Күрметті Сұлтанов мырза:

Біз жоғарыда аталған 2009 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - Қарыз алушы) мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі (бұдан әрі - Банк) арасындағы Қарыз туралы енгізілген түзетулері бар келісімге (бұдан әрі - Қарыз туралы келісім) сілтеме жасаймыз. Біз Қарыз алушының Қаржы министрлігінің 2017 жылғы 10 ақпандығы Жобаны қайта құрылымдау сұранысы және ұсынылатын қайта құрылымдаумен байланысты Қарыз туралы келісімге белгілі бір түзетулер енгізу туралы хатына да сілтеме жасаймыз.

Тиісінше қарағаннан кейін Қарыз туралы келісімге Банк мынадай түзетулер енгізуі ұсынатынын Сізге хабарлауға қуаныштымыз:

1. Қарыз туралы келісімнің 1-қосымшасының 5-бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бөлік: Құрылыш жұмыстарын қадағалау

Жобаның 1-бөлігі, 2-бөлігі және 6-бөлігі бойынша құрылыш жұмыстарын қадағалау жөніндегі консультациялық қызметтерді ұсыну."

2. Қарыз туралы келісімнің 1-қосымшасына жаңа 6-бөлік қосылды:

"6-бөлік: Алматы облысының шегінде жол участеклерін жаңғырту мен реконструкциялау

Колдау көрсету үшін жасалатын жұмыстар:

(i) Алматы облысының шегінде жол участеклерін, оның ішінде: (a) Құрті - Тоғыз участекін; (b) Ұзынағаш - Отар участекін жаңғырту мен реконструкциялау;

(ii) (a) жол қауіпсіздігін; (b) жол сервисін; және (c) жолдарды күтіп ұстап мен пайдалануды жақсарту."

3. Қарыз туралы келісімнің 2-қосымшасының I.A.1 параграфы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қарыз алушы ИДМ арқылы ЖБК көмегімен Жобаны іске асыру жөніндегі нұсқауда, ЖБСКІ бойынша іс-шаралар жоспарында, Қоныс аудару саясаты негізінде, ҚОӘБ және ҚОӘСӘБ жазылған талаптарға, өлшемшарттарға, ұйымдастырушылық тетіктерге және операциялық рәсімдерге сәйкес Жобаны іске асырады, сондай-ақ

Банктің алдын ала мақұлдауынсыз Жобаны іске асыру жөніндегі нұсқаудың, ЖБСҚІ бойынша іс-шаралар жоспарының, Қоныс аудару саясаты негіздерінің, ҚОӘБ және ҚОӘСӘБ функцияларын орындауды тапсырмайтын, өзгерістер енгізбейтін, күшін жоймайтын немесе оларды іске асыру талаптарынан бас тартпайтын болады."

4. Қарыз туралы келісімнің 2-қосымшасының I.A.3 параграфы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қарыз алушы ИДМ арқылы:

(а) Жоба бойынша кез келген жұмыс басталғанға дейін ҚОӘБ және ҚОӘСӘБ сәйкес Банк үшін қанағаттанарлық Қоршаған ортаны басқару жоспарларын дайындайды;

(б) Қоршаған ортаны басқарудың тиісті жоспарларына сәйкес Жобаны іске асырады ;

(с) Жобаны іске асыру барысында материалдық мәдени ресурстар табылған жағдайларда, Кездейсоқ олжа рәсімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Қарыз алушы Кездейсоқ олжа рәсімдері ережелерінің құрылыш жұмыстарына арналған келісімшарттарға енгізілуін және осы ережелердің жобаны іске асыру барысында қолданылуын да қамтамасыз етеді; және

(д) Банктің алдын ала мақұлдауынсыз Қоршаған ортаны басқарудың тиісті жоспарларының қандай да болмасын ережелеріне түзетулер енгізбейтін, тоқтата тұрмайтын немесе күшін жоймайтын болады."

5. Қарыз туралы келісімнің 2-қосымшасы IV.A.2 параграфының кестесі мынадай редакцияда жазылсын:

Санат	Қарыз каражатының бөлінген сомасы (АҚШ долларында)	Қаржыландырылатын шығыстардың пайызы (салықтарды қоса алғанда)
(1) Жобаның 1-бөлігі бойынша жұмыстар	1,085,300,000	85%
(2) Жобаның 2-бөлігі бойынша жұмыстар	700,000,000	85%
(3) Жобаның 3-бөлігі бойынша консультанттар көрсететін қызметтер	8,200,000	85%
(4) Жобаның 4-бөлігі бойынша консультанттар көрсететін қызметтер	3,000,000	85%
(5) Жобаның 5-бөлігі бойынша консультанттар көрсететін қызметтер	55,500,000	85%
(6) Жобаның 4-бөлігі бойынша тауарлар	1,000,000	85%
(7) Бөлінбegen шығыстар	0	85%
(8) Жобаның 6-бөлігі бойынша жұмыстар	272,000,000	85%
ЖАЛПЫ СОМАСЫ	2,125,000,000	

6. Қарыз туралы келісімнің 2-қосымшасының IV.B.2 параграфы мынадай редакцияда жазылсын (өзгерістер курсивпен бөліп көрсетілген):

"2. Жобаның жабылу күні - 2021 жылғы 31 желтоқсан".

7. Қарыз туралы келісімнің Қосымшасына I.3 және I.6 екі жаңа параграф қосылды, және тиісінше келесі тармақтар қайта нөмірленді:

"3. "Кездейсоқ олжа рәсімдері" жобаны іске асыру барысында материалдық мәдени ресурстар табылған жағдайларда сақталуға тиіс, участкедегі қызметтерді уақытша тоқтата тұруды және мәдени құндылықтарға жауапты мемлекеттік органға есептілік ұсынуды қоса алғанда, Қарыз алушының қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тиісті шараларды қабылдауын талап ететін рәсімдерді білдіреді."

"6. "Қоршаған ортаға және әлеуметтік салаға әсерді бағалау" немесе "ҚОӘСӘБ" Қарыз алушы 2017 жылғы 31 наурызда дайындаған және ашып көрсеткен және Банк үшін қанағаттанарлық қоршаған ортаға және әлеуметтік салаға әсерді бағалау жөніндегі қорытынды есептерді білдіреді, онда одан басқа: (i) Жобаның 6-бөлігі бойынша іс-шаралар жүргізілетін объектілердің егжей-тегжейлі сипаттамасы, (ii) жоғарыдағы (i) тармақта көрсетілген іс-шаралардың ықтимал және нақты келеңсіз экологиялық салдарлары; және (iii) Жобаның келеңсіз экологиялық салдарларын женілдету, жою немесе өзгедей түрде өтеу мақсатында Жобаны іске асыру және пайдалану барысында қабылданатын нақты объектілер бойынша ӘЭБЖ шараларын айқындау қамтылады."

8. Қарыз туралы келісім Қосымшасының 1.8 параграфы (бұрынғы I.6 параграф) мынадай редакцияда жазылсын:

"8. "Әлеуметтік-экологиялық басқару жоспарлары" немесе "ӘЭБЖ" Жоба бойынша Қарыз алушы орындаитын жұмыстарға қатысты ҚОӘСӘБ-ға және осы Келісімнің 2-қосымшасының I.A бөлімінің 3-тармағына сәйкес Қарыз алушы қабылдаған және Банк үшін қанағаттанарлық нақты объектілер бойынша құжаттарды білдіреді, оларда атап айтқанда: Қарыз алушының заңнамасына сәйкес әзірленген (i) тиісінше орындалуын және олардың сақталуы жөнінде жүйелі ақпараттың түсін қамтамасыз етуге қабілетті, баламалы институционалдық тетіктермен, мониторинг және есептілік тетіктерімен қатар, ықтимал экологиялық тәуекелдерді басқару жөніндегі толық шаралар және Жобаның іс-шараларын іске асыруға байланысты көрсетілген, қоршаған ортаға теріс әсерді женілдету, төмендегенде және/немесе өтеу бойынша шаралар; (ii) табиғи мекендеу ортасына ықтимал әсерлер және Жоба бойынша жұмыстар кезінде мердігерлер үшін зардаптарды женілдету бойынша тиісті шаралар; (iii) материалдық мәдени ресурстар және басқару жоспарлары айқындалған, олар Банктің алдын-ала жазбаша келісімімен кезең-кезеңмен түзетілуі және толықтырылуы мүмкін; және "ӘЭБЖ" ұғымы осы сияқты құжаттардың біріне жатады."

"Қоршаған ортаны басқару жоспары" және "ҚОБЖ" анықтамалары "Әлеуметтік-экологиялық басқару жоспары" және "ӘЭБЖ"-ға ауыстырылуы тиіс және "

Коршаған ортаны басқару жоспарына", "ҚОБЖ"-ға барлық сілтемелер "Әлеуметтік-экологиялық басқару жоспарына" және "ӘЭБЖ"-ға сілтемелер болып саналады.

9. Қарыз туралы келісім Қосымшасының I.11 параграфы (бұрынғы I.9 параграф) мынадай редакцияда жазылсын және Келісімдегі ККМ немесе Қөлік және коммуникация министрлігіне барлық сілтемелер ИДМ-ге сілтемелер деп саналады:

"11. "ИДМ" Қарыз алушының Инвестициялар және даму министрлігін немесе оның құқық мирасқорын білдіреді."

10. Қарыз туралы келісім Қосымшасының I.17 параграфы (бұрынғы I.15 параграф) мынадай редакцияда жазылсын:

"17. "Қоныс аудару саясатының негізі" Қарыз алушы 2008 жылғы 1 мамырда дайындаған, бекіткен және жариялаған, Қарыз алушы (i) 2009 жылғы 18 наурызда жаңартқан және 2009 жылғы 25 наурызда және (ii) 2015 жылғы 25 маусымда және 2015 жылғы 17 қарашада Банктің Infoshop арқылы жариялаған, тиісінше нақты объектілер бойынша Қоныс аудару жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу кезінде қолданылатын қоныс аудару тәртібін, институционалдық тетіктерді, біліктілік өлшемшарттарын, құқықтар мен өтемақыларды, құнын бағалауды жүргізу тәртібін қоса алғанда, қоғамдық консультация беру және тұрғындардың қатысуы, мониторинг пен бағалау, ақпаратты ашу өлшемшарттары және Жобаның теріс әлеуметтік әсерін женілдету үшін барлық қажетті міндеттерді белгілейтін құжатты білдіреді."

Өздеріне қатысты осында түзетулер көзделмеген, Қарыз туралы келісімнің басқа ережелерінің барлығы өзгеріссіз қалады және толық занды күшінде болады.

Мархабат етіңіз, осы хаттың қоса берілген көшірмесіне қол қою, құнін көрсету және бізге қайтару арқылы Қарыз алушының атынан жоғарыда көрсетілген өзгерістермен Өзініздің келісітініңізді растаңыз. Түзету Банк Қарыз алушының атынан осы түзетуің орындалуы мен берілуі қажетті барлық мемлекеттік рәсімдермен тиісінше шешілгенін немесе ратификацияланғанын білдіретін хабарламаны алғаннан кейін күшіне енеді.

Ізгі ниетпен,

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ

Қолы _____

Лилия Бурунчук

Өнірлік директор

Орталық Азия

КЕЛІСІЛДІ:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Қолы: _____

Бақыт Сұлтанов

Лауазымы: Қаржы министрі

Күні: 2017 жылғы 26 қыркүйек

Ілеспе құжат

Осымен 2017 жылғы 26 қыркүйекте Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы № 7681-KZ Қарыз туралы келісімге (Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарын дамыту жобасы: Батыс Еуропа - Батыс Қытай халықаралық транзит дәлізі (АОӘЫ 1b және 6b)) № 2 түзетулерге қатысты Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы келісім-хаттың осы аудармасы ағылшын тілдегі мәтініне сәйкес келетінін куәландырамын.

Қазақстан Республикасы

Каржы министрлігі

Құжат айналымы

департаментінін

Құжаттарды редакциялау

және лингвистикалық саралтау

баскармасы басшысы

Б. Ахметжанова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК